

**«Ақмола облысы білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімі Беловодское ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің психологиялық қызметінің жылдық есебі.**

**Психологиялық қызметтің мақсаты:**

Оқушыларға психологиялық қызмет көрсету арқылы оқушылардың дамыған, қоғам талабына сай, шығармашылық қабілеті мол жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету.

**Психологиялық қызметтің міндеттері:**

-Оқушылардың өзін-өзі адекватты бағалауына, өз бетімен білім біліктілік дамыту қабілеттеріне ықпал ету;

-Мектептегі психологиялық ахуалдың жақсаруына ықпал ету;

-Мектептің оқу-тәрбие үрдісіне психологиялық көмек көрсету;

-Әрбір жас кезеңінде бала қабілетінің, оның мүмкіндіктерінің дамуына көмек көрсету;

-Даму мәселесін шешуде оқушыларға психологиялық көмек көрсетуге жағдай жасау;

-Ата-аналар мен мұғалімдердің психологиялық құзіреттілігін арттыру және қарым-қатынас мәдениетін жоғарылату;

-4-5 сынып оқушыларының бейімделуіне, 1,4,9,11 сынып оқушылары мен қорытынды емтихан кезінде психологиялық қолдау жасау.

**Жылдық жұмыс жоспары бойынша атқарылған жұмыстар:**

**МАД сынып оқушыларының мектепке бейімделуінің қорытындысы:**

2023-2024оқу жылында МАД сыныпқа 6 оқушы қабылданды. Оның ішінде 5 қыз бала, 2 ұл бала.

Сынып жетекшісі: Двақызы Ақерке

**МАД сынып оқушыларының мектепке бейімделуі бойынша жүргізілген жұмыстар:**

**I. К.Йерасек әдістемесі бойынша:**

Пайдаланылған әдебиеттер: мектеп психологының жұмыс кітабы

1. «Ер адамның суретін салу»
2. «Әріптерді көшіріп салу»
3. «Бір топ нүктелерді көшіріп салу»
4. Л.С.Выготскийдің «Жалпылап айт» әдістемесі.

**I. К.Йерасек әдістемесі бойынша** әр балаға 3 тапсырмадан тұратын әдістеме таратылып, орындатқызылды. Тапсырманы орындау барысында балалардың нәзік қимыл әрекеттерінің үйлесімділігі, үлгі бойынша тапсырманы орындай алатындығы, психикалық әрекеттерінің ырықтылығы сипатталды. Әр балаға жекелей нәтиже шығарылып мектепке бейімделуінің қорытындысы анықталды. Нәтижесінде:

Жоғары - 50 %      жақсы- 50%      орташа- 0%      төмен- 0%

## **II. «Түстер» әдістемесі.**

**Мақсаты:** Оқушылардың түстерді тани білуін анықтау.

Пайдаланылған әдебиеттер: мектеп психологының жұмыс кітабы

1. Баланың алдына 12 түсті карточкаларды тізіп қояды: қара, қызыл, көк, жасыл, сары, күлгін, ақ, сұр, қоңыр, көгілдір т.б. осы түстерді атайды.
2. Әрбір тура аталған түске 1 ұпай беріледі.

**Оқушылардың нәтижесі:**

Жоғары - 72%      Орташа- 28%      Төмен- 0%

## **III. «Үйшік» әдістемесі (Н.И.Гуткина).**

**Мақсаты:** Баланың зейінінің ырықтылығын және кеңістікті қабылдауының қалыптасу деңгейін зерттеу.

Пайдаланылған әдебиеттер: мектеп психологының жұмыс кітабы

1. Балаға үйдің суретін барынша дәл бейнелеу ұсынылады.
2. Әдістеме үлгіге қарап бағытталу шеберлігін анықтауға , үйді дәл сондай күйде көшіруге, зейін ырықтылығының даму деңгейіне, кеңістікті қабылдауының дамуына көмектеседі.

**Нәтижесі:**

Жоғары –50%;      Орташа –50%      Төмен – 0%

## **3.«Графикалық диктант» әдістемесі.**

**Мақсаты:** баланың ерік саласының даму деңгейін анықтау.

**Нәтижесі:**

Жоғары –80%;      Орташа –20%      Төмен – 0%

## **МАД сынып оқушыларының жалпы көрсеткіштері бойынша қорытындылай келгенде:**

Зерттеу барысында оқушылардың басым көпшілігі қабілеттерінің жақсы деңгейде екенін байқатты. Оқушылардың мектепке, сабаққа деген көз қарастары жақсы. Мектеп өміріне бейімделуі жақсы деңгейде. Нәтижесінде:

**Мектепке бейімделуі жоғары - 80%**

**Мектепке бейімделуі орташа - 20%**

### **1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуінің қорытындысы:**

2023-2024 оқу жылында 1 сыныпқа 4 оқушы қабылданды. Оның ішінде 2 қыз бала, 2 ұл бала.

Сынып жетекшісі: Алдабергенова Д.С

**Қыркүйек айында** 1-сынып оқушыларынан «К.Йерасек әдістемесі» алынды. **Мақсаты:** балалардың жалпы психикасын, қимыл-көру, қимыл дағдыларының үйлесіруінің дамуын анықтау. Пайдаланылған әдебиеттер: Мектеп психологының жұмыс кітабы:

#### **Ережесі:**

1. «Ер адамның суретін салу»
2. «Әріптерді көшіріп салу»
3. «Бір топ нүктелерді көшіріп салу»
4. Л.С.Выготскийдің «Жалпылап айт» әдістемесі.

#### **Нәтижесі:**

Жоғары –75%; Орташа –25% Төмен – 0%

Мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау тесті (Керн-Йерасек) қорытындысы бойынша оқушылардың мектепке дайындық деңгейі жақсы.

**Қыркүйек айында** МАД және 1-сынып оқушыларының ата-аналарына «Психологиялық кеңес беру» атты тақырыпта кеңес берілді. **Мақсаты:** Ата-анаға баланың мектептегі оқуға психологиялық дайындығы бойынша кеңес беру. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Нәтижесі:** Ата-аналарға балаларды мектепке дайындау және қалай сабағына көмек беру туралы сынып жетекшілерімен бірігіп кеңес берілді. Карантиндік

жағдайға байланысты кеңес слайд және видео түрінде жасалынып, ата-аналарға ватсап желісі арқылы көрсетілді.

**Қыркүйек айында 1-сынып оқушыларынан «Жануарлар мектебі» проективті әдістемесі алынды. Мақсаты:** Баланың мектеп бейімделуін және кездесетін мәселелерін анықтау. Әдістемеге 5 оқушы қатысты, берілген тапсырманы жақсы орындап шқты. **Нәтижесі:** Оқушылардың мектепке деген бейімделуі жақсы деңгейде. Балаларда кездесетін кедергілер байқалмайды. Сынып арасында қарым-қатынастары жақсы. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Қазан айында 1-сынып оқушыларынан өзін-өзі бағалауын анықтау үшін «Баспалдақ» әдістемесі алынды. Мақсаты:** бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі бағалауын анықтау. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Нәтижесі:**

Жоғары –10%; Орташа –90% Төмен – 0%

**Қазан айында 1-сынып оқушыларынан «Графикалық диктант» әдістемесі алынды.**

**Мақсаты:** баланың ерік саласының даму деңгейін анықтау.

**Нәтижесі:**

Жоғары –10%; Орташа –80% Төмен – 10%

**Қараша-желтоқсан айында бастауыш мұғалімдерімен «Бала», «Кездесу» тренинг-жаттығуы өтілді. Мақсаты:** Педагогтардың балаға деген жағымды-эмоционалды қатынастықты қалыптастыру; Педагогтарда балалық шақты еске түсіруін белсендіру, эмоционалды қабылдауын дамыту, «балалық комплексін» қалыптастыру. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Нәтижесі:** Бастауыш сынып мұғалімдерімен балаға деген жағымды-эмоционалды қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында тренинг жаттығулар отілді. Тренинг барысында мұғалімдер шеңбер бойымен отырып, кезекпен «бала» деген сөзге анықтама берді. Әр мұғалім «Бала-бұл...» деген сөзді қосып өздерінің қалауынша аяқтап айтты.

Екінші тренинг медиация сеансы типінде өтілді. Мұғалімдер жартылай шеңберге отырып, педагог-психологтың айтқанын тыңдап, көздерін жұмып балалық шғына сапар шегіп қайтады.

Тренинг-жаттығуы аяқталған соң әр мұғалім тренингтан алған әсерлерімен бөлісті.

**Қаңтар, ақпан, наурыз** айларында мінез-құлық тренингтері өткізілді. Психологиялық ойын-жаттығулары жасалды

**Сәуір-мамыр** айлары танымдық процестер және қарым-қатынас мәселелерін қалыптастыру мақсатында ойын жаттығулар, топтық жұмыс үнемі жүргізіліді.

#### **4-5 сынып бейімделу бойынша жүргізілетін жұмыстар:**

**Қыркүйек** айында 4-5 сынып оқушыларымен жақын танысып, әңгіме кездесу өтілді. Сонымен қатар екі сыныптың тізімі жасалынды.

**Қыркүйек** айында 4-5 сынып ата-аналарына «Ата-анаға айтылар ұсыныс» атты тақырыпта кеңестер берілді. **Мақсаты:** Ата-аналарға бала тәрбиесі туралы ұсыныс. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы. **Нәтижесі:** 4-5 сынып ата-аналарына бала тәрбиесіне қатысты ұсыныстар берілді. Ұсыныс ата-аналарға сынып жетекші арқылы берілді.

**Қазан айында** 5-сынып оқушыларынан «Бейімделу» сауалнамасы алынды. **Мақсаты:** 5-сынып оқушыларының оқу үдерісіне бейімделуін анықтау. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы. **Нәтижесі:** 5-сынып оқушыларының мектепке және оқу үрдісіне бейімделуі жақсы деңгейде.

**Қарша** айында 4-5 сынып оқушыларынан «Пәнге көзқарас» әдістемесі алынды. **Мақсаты:** оқушылардың оқитын негізгі пәндеріне деген қатынасын анықтау. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы. **Нәтижесі:** Оқушылардың оқып жүрген пәндеріне деген көзқарастары жақсы. Бірақ өте жағымсыз және жағымсыз пәндерге деген көзқарастар анықталды.

**Қараша айында** 4-5 сынып оқушыларынан «Социометрия» әдістемесі алынды. **Мақсаты:** Оқушылардың сыныптастарымен қарым-қатынасын анықтау. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы. **Нәтижесі:** Балалардың бір-бірімен қатынасы социометрия арқылы анықталды. Қорытындысы бойынша әр сыныптан лидерлер мен аутсайдерлер анықталды.

**Желтоқсан** айында 4-5 сынып оқушыларынан тұлғалық ерекшеліктерін анықтау үшін «Темперамент» сауалнамасы алынды. **Мақсаты:** 4-5 сынып оқушыларының темпераментін анықтау. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы. **Нәтижесі:** 4-5 сынып оқушыларының қай темперамент типтеріне жатаныны анықталып, оқушылардың өзіне айтылып өтілді.

**Қаңтар, ақпан, наурыз** айларында 4 сынып оқушыларын ББЖМ тапсыруда психологиялық сүйемелдеу. «Бурдон тесті» «Социометрия» (Дж. Морено);

«Оқушының қабылдауы»- «Ағаш» әдістемесі(Л.П. Пономаренко);- «Менің сыныбым» (А.А.Лескова);- «Менің отбасым»(Р.Бернс, С Кауфман

**Сәуір, мамыр** айларында 4 сынып оқушыларын ББЖМ тапсыруда психологиялық сүйемелдеу жұмыстары уақытылы жүргізіліп тұрады. 5-6 сынып оқушыларына «Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту» тақырыбында тренингтер өткізілді.

### **9 сынып оқушыларының бейіндік оқытуға дайындық жұмыстарының қорытындысы:**

2023-2024 оқу жылында 9 сыныпқа 8 оқушы қабылданды. Оның ішінде 5 қыз бала, 3 ұл бала.

**Сынып жетекшісі:** Батырбекова Д.К

#### **9 сынып оқушыларының бейінді оқыту бойынша жүргізілген жұмыстар:**

**Қыркүйек** айында оқушылардан «Кім боламын тақырыбына эссе алынды. **Мақсаты:** Оқушылардың болашақта кім болғысы келетіндіктерін анықтау. **Нәтижесі:** Оқушылардың барлығы кәзіргі сәттен бастап өздерінің болашақ мамандықтарын таңдау үстінде. Барлығы өздері қалаған мамандық иелері болғысы келеді.

**Қыркүйек** айында «Мамандық таңдау түрткілері» сауалнамасы алынды. **Мақсаты:** Мектеп оқушыларының мамандық таңдау себептерін зерттеу, олардың мотивациялық өрісінің құрылысын зерттеу. **Нәтижесі:** «Мамандық таңдау түрткілері» сауалнамасың қорытындысы бойынша оқушылардың мамандық таңдау себептері, өздерінің шығармашылықтарын жүзеге асыру мақсатында таңдап отыр. Бір оқушыда іскерлік сипаттағы түрткіні таңдады. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Қазан** айында оқушылардан «Стресс саған қалай әсер етеді» тесті алынды. **Мақсаты:** Оқушылардың стесске ұшырау жиілігін анықтау. **Нәтижесі:** Оқушылардың стресске ұшырауы барлық оқушыда орташа дңгейде. Стресске жиі ұшырайтын оқушы анықталған жоқ. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Қараша** айында «Тұлға типтерін анықтау» (Дж.Холланд) әдістемесі алынды. **Мақсаты:** Мамандыққа икемділігін анықтау, қандай мамандыққа бейімді екенін талдау, болашақ мамандығын анықтауға көмек. **Нәтижесі:** әдістемесінің қорытындысы бойынша оқушыларда әртүрлі тұлғалық типтерге жататыны анықталды. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Желтоқсан** айында «Мамандық өмір таңдауы» тақырыбында тренинг-жаттығу өтілді. **Мақсаты:** Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, өз-өзін тану аймағын кеңейту, мамандық әлемінен ақпараттар алу; қазірге заманның тапшы мамандықтарын көрсетіп сол бағытқа қарай бағыттау. **Нәтижесі:** Тоғызыншы сынып оқушыларымен мамандықтарға қатысы тренинг-жаттығу өтілді. Жаттығулар барысында оқушыларға әр түрлі қызықты мамандықтарға қатысты ақпараттар берілді. Сонымен қатар мамандық таңдауға және таңдаған мамандығы жайында жақынырақ танып білуге бағыт-бағдар алды. Жаттығулар: «Сәлемдесу»; «Менен сұрақ, сенен жауап»; «Тізбекті үзбе»; «Мен мамандық әлеміндемін»; «Мамандық жасыр»; «Ең жақсы ойыны»; «Қазіргі заманның табысты мамандары»; «Жағдаятты сұрақ»; «Бұл кім». **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Қаңтар, ақпан, наурыз** айларында «Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау санатындағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, деструктивті аутодеструктивті мінез-құлқтың алдын алу мақсатында іс-шаралар жүргізілді. Тренинг «Буллинг. Кибербуллинг». 4, 9 сынып оқушыларын ББЖМ (МОДО) тапсыруда психологиялық сүйемелдеу. Мамандық таңдауды анықтау мақсатында Н.С. Пряжникованың әдістемесі бойынша кәсіптің формуласын анықтау;

- Е.А.Климованың әдістемесі бойынша болашақ мамандықтың типін анықтау
- Дж.Голланд әдісі бойынша оқушының мінез-құлқының типін анықтау
- «Менің таңдаған кәсібім» эссе әдістемелері жүргізілді.

**Сәуір, мамыр** айларында Тренинг: «Емтиханға психологиялық даярлық» Оқушылардың мамандық таңдауда психологиялық көмек беру үнемі жүргізіліп тұрады. «Мамандық таңдау – маңызды қадам» 9, 10 сынып оқушыларымен өткізілді. Тренинг «Буллинг. Кибербуллинг» ай сайын өткізіліп тұрады.

## **11-сынып оқушыларымен жүргізген жұмыстар**

**Қыркүйек** айында «Қорытынды емтихан бұл не?» сауалнамасы алынды. **Мақсаты:** Оқушылардың мемлекеттік қорытынды емтихан туралы түсініктерін анықтау. **Нәтижесі:** Оқушылардың мемлекеттік қорытынды емтихан туралы жақсы біледі. Ережелерімен толық танысқан. Таңдаған пәндерінен дайындық керек.

**Қыркүйек** айында «Тесті сәтті орындау үшін қажет жадынама» тақырыбында оқушыларға жадынама берілді. **Мақсаты:** Қорытынды емтиханға дайындалушы оқушыларға психологиялық кеңес. **Нәтижесі:** Тесті сәтті

орындауға байланысты оқушылармен әңгіме өтіліп, жадынамалар берілді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Қазан** айында «Мемлекеттік қорытынды емтиханға психологиялық дайындық» тренинг-жаттығу өтілді. **Мақсаты:** Бірыңғай мемлекеттік емтиханға дайындық кезеңіне оқушылардың мінез-құлық стратегиясы мен тактикасын өңдеуін, өзін-өзі реттеуін, өзін-өзі бақылауға дағдыландырудың және сенімділігін арттыруын жүзеге асыру. **Нәтижесі:** 11-сынып оқушыларына мемлекеттік қорытынды емтиханға дайындық ретінде оқушылармен психологиялық тренинг-жаттығу өтілді. Тренинг барысында оқушылармен әр түрлі жаттығулар өтіліп, емтихан кезінде өздерін қалай ұстау керектігі және қайғидалар туралы айтылып өтілді. Жаттығулар: «Өз жұлдызыңды тап», «Шынымды айтсам», «Ашуды шығару». **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Қараша** айында «Дифференциалды-диагностикалық сауалнама» (Е.Климов) сауалнамасы алынды. **Мақсаты:** Әдістеме Е.А.Климов классификациясымен сәйкескестікте түрлі мамандықтарға сұрыптау үшін арналған. Жасөспірімдердің және ересек адамдардың профбағдарлануы кезінде пайдалануға болады. **Нәтижесі:** Оқушылардың сауалнама бойынша таңдаған жауаптарының қорытындысы бойынша, барлық оқушыларда көптеген мамандықтарға деген икемділіктері бар. Мысалыға: адам-табиғат, адам-техника, адам-адам, адам-көркем бейне деген сияқты. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Желтоқсан** айында «Өз жұлдызыңды тап» тренинг-жаттығу өтілді. **Мақсаты:** Оқушының өзіне деген сенімділігін арттыру. **Нәтижесі:** Оқушылардың емтихан алдындағы өздеріне деген сенімділіктерін арттыру үшін тренинг-жаттығу өтілді. Тренинг барысында оқушылар өздерінің жұлдыздарын салып, сол жұлдызға қарап өздерінің мемлекеттік қорытынды емтиханнан қанша бал алғысы келетінін айттып өтті. Тренингтің соңы релаксация жаттығуымен аяқталды. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Қаңтар, ақпан, наурыз** айларында ҰБТ тапсыратын оқушылардың дайындық деңгейін анықтау. 11 сынып оқушыларымен сауалнама - «Бектің күйзеліс деңгейін анықтау шкаласы» алынды. «Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау санатындағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу. Тренинг «Өмірлік қиын жағдайлар»ға тап болған жағдайды алдын алу мақсатында бейне ролик көрсету.

**Сәуір, мамыр** айларында «Сенімділік – серігің болсын!» ҰБТ тапсыратын оқушыларды психологиялық сүйемелдеу. 7-11 сынып оқушыларымен «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» тренинг өткізілді.



Тренинг: «ҰБТ-ға психологиялық даярлық» оқушыларды ҰБТ-ға дайындау (қысымнан арылту, күш-қуатын жұмылдыру және т.б.) жағдайлардан қобалжу қорқыныштарын жою мақсатында жүргізілді. Нәтижесінде оқушылар бойларындағы үрейден арылғандарын айтты.

### **Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстар**

**Қыркүйек** айында 8-11 сынып оқушыларымен «Құқық бұзушылықтың алдын алу басты міндет» тақырыбында баяндама оқылды. **Мақсаты:** Жан-жақты қалыптасып дамыған, қоғамдық белсенділігі артқан, әлеуметтік-толық қамтылған адамгершілігі мол тұлғаның қалыптасуы. **Нәтижесі:** Жасөпірімнің өмір ағымында кездесетін қолайсыз жағдайлардың алдын алу және болдырмау үшін және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жоғарғы сынып оқушыларымен кездесу өтілді. Кездесу әр сыныппен жеке-жеке өтілді. Кездесу барысында құқық бұзушылыққа қатысты түсіндірме берілді. Құқық бұзушылыққа қатысты оқушыларға сұрақтар мен жағдаяттар қойылып отырды.

**Қазан** айында 7-11 сынып оқушыларымен «Қарым-қатынасты дамытуға арналған жаттығулар» жаттығулар өтілді. **Мақсаты:** Оқушылар арасындағы қарым-қатынасты дамыту. **Нәтижесі:** Жоғарғы сынып оқушыларымен қарым-қатынасты дамытуға қатысты түзету-дамыту жұмыстары өтілді. Түзету жұмыстары әр сыныппен жеке-жеке өтілді. Өтілген жаттығулар: «Бет-әлпетті еске сақтау», «Ол қалай күледі?», «Мен басқалардың көзімен», «Өзіңді бағалау», «Көңіл-күйге ортақтасу», «Күлкі».

**Желтоқсан** айында 7-11 сынып оқушыларынан «Құқық бұзушылықтың алдын алу» жасырын сауалнама алынды. **Мақсаты:** Оқу мекемесіндегі құқық бұзушылық пен оқушыларды қорқыту фактілерін анықтау. **Нәтижесі:** «Құқық бұзушылықтың алдын алу» сауалнамасының қорытындысы бойынша оқушылар арасында қорқыту фактілері анықталған жоқ.

**Қаңтар** айында «Жеткіншектің сыныппен қарым-қатынасын бағалау» тесті алынды. **Мақсаты:** Жеткіншектің сыныппен қарым-қатынасын бағалау. **Нәтижесі:** Ұсынылып отырған әдістеменің оқушылардың топты қабылдауының үш типін анықтауға арналған тестінің қорытындысы бойынша әр сыныптағы оқушының қай типке жататыны анықталды. Оқушылардың барлығы дерлік ұжымдық типке жататыны анықталды. Тек төрт оқушы даралық типке, үш оқушы прагматикалық типке жаттатыны анықталды. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Ақпан** айында «Келеңсіз жағдайдағы мінез құлықтың алдын алу» тақырыбында баяндама, кеңес берілді. **Мақсаты:** Ата-аналарды жасөспірімдердің

өтпелі кезеңіндегі қиындықтардың алдын алу жұмыстарымен таныстыру. Жасөспірімдердің психологиялық дамуындағы қиындықтарға көңіл бөлу. **Нәтижесі:** Келеңсіз мінез құлықтың алдын алу және ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынастың маңыздылығын түсіндіру үшін. Сонымен қатар ата-аналарды келеңсіз мінез құлықтар жайында сауаттандыру мақсатында баяндама, кеңес берілді. Кеңес слайд түрінде орындалынып, ата-аналар чатына жіберіліп талқыланды. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Наурыз** айында «Ағаш» проективті тесті алынды. **Мақсаты:** Оқушылардың отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықты анықтау. **Нәтижесі:** «Ағаш» проективті тесттің қорытындысы бойынша тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың нышаны байқалған жоқ. Тек бір оқушыда дөңгелек қуыс салынған. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Наурыз** айында «Мен өмірді таңдаймын» семинар-тренинг өтілді. **Мақсаты:** Өзін-өзі тану, тұлғалық даму тәсілдерін таба білу, көңіл-күйді және эмоцияны реттеу; байланыс және өзара әрекеттесу мүмкіндігін қамтамасыз ету. **Нәтижесі:** Жоғарғы сынып оқушыларымен келеңсіз жағдайдың алдын алу, оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттыру және бір-бірімен қарым-қатынасын нығайту мақсатында тренинг-жаттығулар өтілді. Семинар тренинг әр сыныппен жеке-жеке өтілді. Жаттығулар: «Танысу», «Мейірімділік алаңы», «Менің көңіл күйім», «Ақиқат орындығы», «Итке көмектесейік», «Іздеуді жалғастар», «Күн шуағы», «Сыйлық». **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Сәуір** айында «Филипстің мектептегі мазасыздану тесті» әдістемесі алынды. **Мақсаты:** Кіші және орта жастағы балаларда болатын мазасыздықтың түрін және деңгейін анықтау. **Нәтижесі:** «Филипстің мектептегі мазасыздану тесті» әдістемесінің қорытындысы бойынша оқушыларда мазасыздық деңгейі төмен, тек екі оқушыда мазасызданудың жоғары көрсеткіш шықты. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Сәуір** айында «Депрессия» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларымен кездесу өтілді. **Мақсаты:** Оқушыларға депрессия жайында түсінік беру және түрлерімен таныстыру. **Нәтижесі:** Депрессия тақырыбында оқушылармен кездесу өтілді. Кездесу барысында оқушыларға депрессия жайында ақпараттар оқылып, оның түрлері, депрессияға түскен адамға қалай көмек көрсету керектігі туралы айтылып өтілді. Сонымен қатар оқушылар «Депрессияны болдырмау» тақырыбында постер қорғап, депрессия туралы оқушыларға видео көрсетілді. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Мамыр** айында 5-8 сынып оқушыларынан «Ата-ананың балаға деген көзқарасы» сауалнамасы алынды. **Мақсаты:** Ата-ананың балаға деген

көзқарасын анықтау. **Нәтижесі:** Қорытындысы бойынша 5-8 сынып ата-аналарынан сауалнама алынды. Барлық ата-налардың балаларына деген көзқарастыры жақсы деңгейде. Баласына деген көзқарасы төмен ата-ана анықталған жоқ.

**Мамыр** айында сынып жетекшілермен «Өз-өзіне қол жұмсау қауіпті қадам» шағын дәріс өтілді. **Мақсаты:** Оқушылар арасындағы келеңсіз жағдайлардың алдын алу, педагогтарға кеңес. **Нәтижесі:** Сынып жетекшілерге келеңсіз жағдайлардың алдын алуға байланысты шағын дәріс оқылды. Дәріс барысында әлемдегі келеңсіз жағдайлар туралы айтылып түсіндіріліп өтілді. Сонымен қатар осындай жағдайларға байланысты педагогтарға кеңестер берілді. Сынып жетекшілермен жаттығулар өтіліп, келеңсіз жағдайларға байланысты видеороликтер көрсетіліп талданып өтілді. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

### Дарынды балалармен жұмыс

**Қыркүйек** айында қабілетті оқушыларды анықтап, тізімге алынды. Тізімдегі оқушылардан «Мектепке оқуға қабілеттілігі» сауалнамасы алынды. **Мақсаты:** Баланың ақыл-ой даму деңгейін және оның оқуға дайындығын анықтау. **Нәтижесі:** Әдістеменің қорытындысы бойынша оқушылардың оқытушылық, ойлау деңгейі, тілді қорының дамуы жақсы деңгейде. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Қазан** айында «Ақыл-ой дамуының мектептік тесті» (ФДМТ-ШТУР) әдістемесі алынды. **Мақсаты:** Жасөспірім және жеткіншек жастағы оқушылардың ақыл-ой дамуын диагностикалау. **Нәтижесі:** ШТУР әдістемесінің қорытындысы бойынша екі оқушыда орташа көрсеткіш көрсетті. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы. Тізімдегі оқушылардан «Өзін-өзі бағалау» әдістемесі (Реан сауалнамасы) алынды. **Мақсаты:** Оқушылардың өзін-өзі бағалауын анықтау. **Нәтижесі:** Өзін-өзі бағалау әдістемесінің қорытындысы бойынша оқушылардың өзін-өзі бағалаулары жақсы деңгейде, өзін төмен бағалаған оқушы жоқ.

**Қараша** айында «Д.Ж.Брунер» әдістемесі алынды. **Мақсаты:** оқушылардың ойлауын және ойлаудың қай типіне жататынын анықтау. **Нәтижесі:** Әдістеменің қорытындысы бойынша оқушылардың ойлау типтері анықталды. Үш оқушыда заттық ойлау және бір оқушыда шығармашылық ойлау анықталды. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Желтоқсан** айында «Дарынды балалармен жұмыс істейтін педагогтардың назарына!» кеңес берілді. **Мақсатым:** Мұғалімдерге қабілетті балалармен жұмыс

жасауға көмек беру. **Нәтижесі:** Пән мұғалімдерінің барлығына дарынды балалармен жұмыс істеуге байланысты кеңестер беріліп, жадынамалар таратылды. Сонымен қатар дарынды балалармен жұмыс жасауға байланысты сұрақтар қойылып, талдаулар жасалынды.

### **Ата-анамен жұмыс**

**Қыркүйек айында** МАД және 1-сынып оқушыларының ата-аналарына «Психологиялық кеңес беру» атты тақырыпта кеңес берілді. **Мақсаты:** Ата-анаға баланың мектептегі оқуға психологиялық дайындығы бойынша кеңес беру.

**Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Нәтижесі:** Ата-аналарға балаларды мектепке дайындау және қалай сабағына көмек беру туралы сынып жетекшілерімен бірігіп кеңес берілді. Карантиндік жағдайға байланысты кеңес слайд және видео түрінде жасалынып, ата-аналарға ватсап желісі арқылы көрсетілді.

**Қыркүйек айында** 4-5 сынып ата-аналарына «Ата-анаға айтылар ұсыныс» атты тақырыпта кеңестер берілді. **Мақсаты:** Ата-аналарға бала тәрбиесі туралы ұсыныс. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Нәтижесі:** 4-5 сынып ата-аналарына бала тәрбиесіне қатысты ұсыныстар берілді. Ұсыныс ата-аналарға сынып жетекші арқылы берілді.

**Қыркүйек айында** «Келеңсіз жағдайдағы мінез құлықтың алдын алу» тақырыбында баяндама, кеңес берілді. **Мақсаты:** Ата-аналарды жасөспірімдердің өтпелі кезеңіндегі қиындықтардың алдын алу жұмыстарымен таныстыру. Жасөспірімдердің психологиялық дамуындағы қиындықтарға көңіл бөлу.

**Нәтижесі:** Келеңсіз мінез құлықтың алдын алу және ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынастың маңыздылығын түсіндіру үшін. Сонымен қатар ата-аналарды келеңсіз мінез құлықтар жайында сауаттандыру мақсатында баяндама, кеңес берілді. Кеңес слайд түрінде орындалынып, ата-аналар чатына жіберіліп талқыланды. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Желтоқсан айында** 5-8 сынып оқушыларынан «Ата-ананың балаға деген көзқарасы» сауалнамасы алынды. **Мақсаты:** Ата-ананың балаға деген көзқарасын анықтау. **Нәтижесі:** Қорытындысы бойынша 5-8 сынып ата-аналарынан сауалнама алынды. Барлық ата-аналардың балаларына деген көзқарастыры жақсы деңгейде. Баласына деген көзқарасы төмен ата-ана анықталған жоқ.

**Қаңтар, ақпан, наурыз айларында** Оқушыларға, ата-аналарға және мұғалімдерге кеңес берілді. Агрессивті балалармен жұмыс жасау әдістері. «Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық

бұзушылықтың, оның ішінде зорлау санатындағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша 8 – 11 сынып оқушылары мен ата-аналар ұжымына . «Бақыт ұялаған отбасы» атты тренинг өткізілді және оқушыларға, ата-аналарға және мұғалімдерге кеңес берілді.

**Сәуір, мамыр** айлары оқушыларға, ата-аналарға және мұғалімдерге буллинг және Кибербуллингтің алдын алу мақсатында іс-шаралар, тренингтер жүргізілді. Оқушылардың эмоционалды күйреудің алдын алу бойынша ата-аналарға баяндама оқылып, бейнеролик көрсетілді. Сонымен қатар ҰБТ тапсыратын оқушылардың ата-аналарына психологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүргізілді. «Сенімділік – серігің болсын!» тақырыбында тренинг өткізілді.

### **Педагогикалық ұжыммен жұмыс**

**Қыркүйек** айында «Мұғалім әдебі» тақырыбында мұғалімдерге кеңес берілді. Кеңес. **Мақсаты:** Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім – мектептің жүрегі. **Нәтижесі:** Педагогикалық әдеп және оқытушының аса бағалы педагогтық қасиетіне, өз эмоцияларын білдіру шамасын көрсетеуіне байланысты жас мамандарға психологиялық кеңес берілді. Жас мамандардың сандықшасына тағыда жадынамалар берілді. Жас мамандардың адамдармен қарым қатынастағы қаншалықты кек сақтауының деңгейін анықтау мақсатында «Кекшілсің бе?» деген сауалнама алынды.

**Қыркүйек** айында «Мұғалім мен оқушы арасындағы педагогикалық әдеп» тақырыбында тренинг-жаттығулар өтілді. **Мақсаты:** Педагогтық әдеп туралы түсінік беру, мұғалім мен оқушылардың арасында жақсы қарым-қатынас орнатуға ықпал жасау. Педагогтардың ұжымдық сыйластық, бір – біріне сенім арту, бірлесіп жұмыс жасауға баулу, көңіл – күйлерін көтеру. **Нәтижесі:** Жас мамандарымыздың жанын рухани байыту мақсатында, мұғалімдермен тренинг-жаттығулар өтілді. Тренинг барысында жас мамандарға мұғалім әдебі мен мәдениеті жайлы мәлімет, кеңестер берілді. Сонымен қатар жас мамандар мектеп өмірі мен оқушыларға қатысты әр түрлі жағдаяттарды шешті. Бір-бірімен қарым-қатынасын нығайту мақсатынды ойындар өтілді.

Сонымен қатар қыркүйек айында «Жас мамандарға жадынама» кеңес берілді. **Мақсаты:** Жас мамандарға кеңес беру. **Нәтижесі:** Жас мамандарға жадынама берілді және жадынама бойынша таныстыру жүргізілді.

**Қазан** айында «Тұлғаның педагогикалық қызметке дайындығы мен бейімділігін анықтау» сауалнамасы алынды. **Мақсаты:** Тұлғаның педагогикалық қызметке дайындығы мен бейімділігін анықтау. **Нәтижесі:** Әр жас маманның сауалнаманың қорытындысы бойынша қабілеттері әр түрлі болып анықталды.

**Желтоқсан** айында сынып жетекшілермен «Өз-өзіне қол жұмсау қауіпті қадам» шағын дәріс өтілді. **Мақсаты:** Оқушылар арасындағы келеңсіз

жағдайлардың алдын алу, педагогтарға кеңес. **Нәтижесі:** Сынып жетекшілерге келеңсіз жағдайлардың алдын алуға байланысты шағын дәріс оқылды. Дәріс барысында әлемдегі келеңсіз жағдайлар туралы айтылып түсіндіріліп өтілді. Сонымен қатар осындай жағдайларға байланысты педагогтарға кеңестер берілді. Сынып жетекшілермен жаттығулар өтіліп, келеңсіз жағдайларға байланысты видеороликтер көрсетіліп талданып өтілді. **Пайдаланылған әдебиеттер:** Мектеп психологының жұмыс кітабы.

**Желтоқсан** айында «Мен ғажаппын» тақырыбында психологиялық тренинг өтілді. **Мақсаты:** Педагогтардың эмоционалды және көңіл-күйлерін көтеруге, кәсіби жанудың алдын алу, топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту. **Нәтижесі:** Педагогтардың көңіл-күйін көтеріп, жұмысқа деген ынтасын арттырып, топтық қарым-қатынасты дамыту мақсатында жаттығулар өтілді. Жаттығу барысында мұғалімдер топпен жұмыс жасап, ұжымдық қарым-қатынасты дамытты.

**Қаңтар, ақпан, наурыз** айларында Жас мамандардың кәсіби бейімделуіне психологиялық қолдау көрсету мақсатында «Темпераменттің қарым-қатынас орнатудағы ерекшеліктері» атты тренинг өткізілді. Мектеп ұжымымен «Эмоционалды интеллект» тақырыбында психологиялық сабақ өткізілді. Педагогтер арасында агрессивті балалармен жұмыс жасау әдістері туралы дөңгелек үстел болды. Психологиялық мотивация беретін әдебиеттермен таныстырылды және бейнеролик көрсетілді.

**Сәуір, мамыр** айларында ұжыммен психология құпиялары атты викторина жүргізілді. 11-сыныпқа сабақ беретін мұғалімдер арасында «ҰБТ-ға психологиялық даярлық» тренингі жүргізілді.

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен бірлесіп жасалған жұмыстар.**

**Қазан** айында 7-11 сынып оқушыларынан «Құқық бұзушылықтың алдын алу» жасырын сауалнама алынды. **Мақсаты:** Оқу мекемесіндегі құқық бұзушылық пен оқушыларды қорқыту фактілерін анықтау. **Нәтижесі:** «Құқық бұзушылықтың алдын алу» сауалнамасының қорытындысы бойынша оқушылар арасында қорқыту фактілері анықталған жоқ.

**Қараша** айында 7-11 сынып оқушыларымен «Шылымдық қоспалар барса келмеске жібереді» тақырыбында кеңестер берілді. **Мақсаты:** оқушыларды темекінің құрамында кездесетін зиянды заттармен таныстыру. **Нәтижесі:** оқушылармен шылым қоспалары және темекінің құрамында кездесетін зиянды әдеттермен таныстыру әңгіме, сұхбат сабағы өтілді.

**Желтоқсан** айында «ЖИТС-тің жұғу жолдары» тақырыбында баяндама оқылды. **Мақсаты:** Жасөспірімдерге ЖИТС-тің жұғу жолдары, алдын алу және оның белгіері туралы мәлімет беру. **Нәтижесі:** Мектеп медбикесі сынып жетекшілермен бірігіп, әр сыныппен жеке кездесулер өткізді. Кездесу барысында «ЖИТС-тің жұғу жолдары» тақырыбында 9-11 сыныптар арасында баяндама оқылып, видеороликтер көрсетілді. Баяндама барысында оқушыларды жалпы ЖИТС-тің шығу тарихымен, оның жұғу жолдары, одан сақтану ережелерімен оның белгілері жайында таныстыра кетті. Оқушыларға материалдар слайд түрінде дайындалып көрсетілді.

**Қаңтар, ақпан, наурыз** айларында «Құқық бұзушылықтың алдын алу басты міндет» тақырыбында баяндама оқылды. **Мақсаты:** Жан-жақты қалыптасып дамыған, қоғамдық белсенділігі артқан, әлеуметтік-толық қамтылған адамгершілігі мол тұлғаның қалыптасуы. **Нәтижесі:** Жасөспірімнің өмір ағымында кездесетін қолайсыз жағдайлардың алдын алу және болдырмау үшін және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жоғарғы сынып оқушыларымен кездесу өтілді. Кездесу әр сыныппен жеке-жеке өтілді. Кездесу барысында құқық бұзушылыққа қатысты түсіндірме берілді. Құқық бұзушылыққа қатысты оқушыларға сұрақтар мен жағдаяттар қойылып отырды.

**Сәуір, мамыр** айларында «Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау санатындағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, деструктивті аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында сауалнамалар алынды тренингтер өткізілді видеороликтер көрсетілді. Сонымен қатар жасөспірімдер арасында буллинг және кибербуллинг болдырмаудың алдын алып көптеген іс-шаралар тренингтер, сынып сағаттар жиі өткізіліп тұрады.

**Педагог-психолог:** Кызыр Айгуль